

**«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Аманбаева Махаббат
Батырғалиқызының «Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс -
әрекетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында жазылған
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы.

Мемлекеттің ғылыми-техникалық потенциалының өсуі, жоғары оқу орындарында зерттеу іс - әрекеттерінің нәтижелілігі мен дамыту деңгейін көтеруді қажет етіп отыр. Бүгінгі Қазақстанның даму кезеңінде ғылым мен білімнің өзара байланысы, оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, экономикалық өсуінің басты қозғаушы күші болып отырғандығы анық. Осыған байланысты қазіргі таңда мектеп қабырғасында зерттеушілік іс-әрекет бастауыш сыныптардан басталуына үлкен мән берілген. Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін жалпы білім беретін мектептерге тарату мақсатында әзірленіп, ҚР Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы № 266 бұйрығымен бекітілген бастауыш сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасында – «Мен зерттеушімін» деген тақырыптан басталады. Бұл мектеп оқушыларына берілетін білімнің олардың зерттеушілік дағдаларын дамытуға бағытталып отырғандығын көрсетеді. Оқушылардың осы зерттеушілік дағдыларын дамыту бағытында жұмыс атқаратын ЖОО – нан шығатын болашақ мамандар. Олай болса, келешекте ол жұмыстарды ұйымдастыра білетін, зерттеудің формасы мен әдістерін меңгерген мұғалімді дайындау педагогикалық жоғары оқу орындарының үлесінде екендігі анық.

Расында қазіргі кезде білім беру саласына шығармашыл, ізденгіш, ойшыл, зерттеушілік іс-әрекеті қалыптасқан болашақ мұғалім ғана ғылым мен білімде бәсекеге қабілеттілігін көрсете біледі.

Соған байланысты ізденуші М.Б. Аманбаеваның «Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бүгінгі әлеуметтік тапсырысқа сәйкес болашақ мамандарды даярлауда өзекті мәселеге арналған.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу барысында ізденуші төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

1. Болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіндегі зерттеушілік іс - әрекет және оны қалыптастыру бойынша шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге талдау жасаған. Талдау нәтижесінде болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздері сараланған.

2. Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі даярланған.

3. Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың (насекомдардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктерін зерттеу материалдары мысалында) әдістемесі ұсынылған.

4. Ұсынылған әдістемнің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тексеріліп, дәлелденген және оқу үдерісіне ендірілген.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі - диссертанттың болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздерін саралауда нормативтік құжаттар мен ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып негіздегендігінде және жеке ойын тұжырымдап, өзіндік теориялық қорытындылар жасай білгендігінде.

Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі - болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіштерінің деңгейлерін айқындауда оның әдістемелік ұстанымдарын ашып көрсетуінде.

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – зерттеу жұмысының мазмұнын анықтауда ізденуші насекомдар (Insecta) класы туралы ғылыми - теориялық мәліметтермен қатар, насекомдардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері, практикалық маңызы мен зиянды әсерлерін жеке зерттеу нәтижесінде анықталған материалдарды пайдаланған. Яғни, аймақтық ерекшеліктерге байланысты зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, нақты нәтижелер алуына негізделгендігінде және осыған байланысты «Алтын - Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі үшін алғаш рет жартылай қаттықанаттылар (Heteroptera) отрядының 3 тұқымдасынан 8 түрі анықталып, омыртқасыз жануарлар тізіміне ендірілгендігінде.

Нәтижесінде «Омыртқасыздар зоологиясы» пәні мазмұнын зерттеушілік тапсырмалармен толықтыра түскен және авторлық «Энтомологиялық зерттеушілік іс - әрекет негіздері» элективті пәнін ұсынған. Аталған пәндер мазмұнында зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың тиімді әдістері нақтыланып, әдістемесі жасалған.

Төртінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – ұсынылған әдістеме эксперимент жүзінде тексеріліп, нәтижелеріне талдау жасалынып, тиімділігі дәлелденуі және оның оқу үдерісіне ендірілуі зерттеу жұмысының шынайылық дәрежесін көрсетеді.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - жоғары оқу орындарында зерттеушілік іс - әрекетті қалыптастыруға қатысты жазылған ғылыми еңбектерге жан-жақты талдаулар жасалып, нақты болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған.

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік компоненттерден құралған құрылымдық- мазмұндық моделі ұсынылған.

Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың (насекомдардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері және практикалық маңызы мен зиянды әсерлерін зерттеу материалдары мысалында) мазмұны мен әдістемесі ұсынылып, жаңа «Энтомологиялық зерттеушілік іс - әрекет негіздері» элективті пәнінің оқу оқу үдерісіне ендірілгендігі үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесін аңғартады.

Төртінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденген және анықталған нәтижелері қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде:

- болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған;

- болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалған;

- болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың (насекомдардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері және практикалық маңызы мен зиянды әсерлерін зерттеу материалдары мысалында) әдістемесі жасалған;

- «Энтомологиялық зерттеушілік іс - әрекет негіздері» элективті пәнінің оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені дайындалған және оқу үдерісіне ендірілген;

- насекомдарды зерттеуге арналған жұмыстарды жүргізу нәтижесінде, «Алтын - Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі үшін алғаш рет жартылай қаттықанаттылар (Heteroptera) отрядының 3 тұқымдасынан 8 түрі анықталып, парктің омыртқасыз жануарлар тізіміне ендірілген;

- «Ғылым жетістіктері - биологиялық білім беру кеңістігінде» атты оқу - әдістемелік құралын ұсыныған.

Зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда, педагогтардың біліктілігін арттыру курстарында пайдалануға болады.

Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.

Дегенімен диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына байланысты мына төмендегідей ескертпелерді атамақпыз:

1. Зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыру мәселесіне байланысты көбіне биолог ғалымдардың еңбектерінен гөрі педагог-психолог ғалымдардың еңбектеріне жүгінушіліктің басымдылығы;

2. Қазақстандық ЖОО-да студенттердің зерттешілік іс-әрекеттері бойынша жүргізіліп отырған ғылыми жобалар туралы мәліметтердің диссертация мазмұнында болуы жұмыстың құнын көтере еді.

3. Диссертация мазмұнында стилдік грамматикалық қателер кездеседі.

Алайда, бұл көрсетілген ескертпелер диссертацияның жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Аманбаева Махаббат Батырғалиқызының «Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, өз бетімен орындалған, жан-жақты зерттелген қолданбалы мәні бар, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторын «6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы



Қолы
Подпись **Аймағамбетова Қ.А.**
Расшифровка: Казах мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті кадр бөлімінің бастығы
Заверено: Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета